

БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ

Тамыр бөлімдері

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/25795/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жанесеева Рита

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Оқушыларға тамыр бөлімдерінің 5-ке бөлнетіні, олардың құрылысының ерекшеліктері, бөлімдердің қызметі туралы түсінік беру.

Тәрбиелігі: Тамырдың өсімдік тіршілігіндегі, табиғаттағы маңызын талдау арқылы оқушыларды іздемпаздыққа, еңбексүйгіштікке, өзара ынтымақтастықтәрбиелеу.

Дамытушылығы: Өсімдік шаруашылығы үшін тамыр жүйелерін дамыту туралы білімінің маңызын ашу.

Түрі: Саяхат

Типі: Аралас

Оқыту әдістері: Интерактивті оқыту.

Сабақтың көрнекілігі: Бейнеслайдтар, кодоскоп, интерактивті тақта, кесте.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру
2. Үй тапсырмасын сұрау
3. Қортындылау
4. Жаңа білім беру
5. Бекіту
6. Бағалау
7. Үйге тапсырма беру

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру

Сәлемдесу, қатысуын тексеру, дайындықтарын бақылау, сабақтың саяхат түрінде өтетінін, саяхатқа поезбен шығып білім қалашығына баратынымыз айтылды. Поезда үш вагон бар, 1-ші вагон жұмсақ, 2-ші вагон жайлы, 3-ші вагон жалпы. Оқушыларға әр аялдамада билеттер сатылатыны айтылды. Әр билетте сұрақтар болады. Сұрақтарға жауап беруіне байланысты оқушылар әр вагонның астына өздерінің атын жазады. Вагондарға отырғызуды жауап бергеніне қарай отырған оқушылар айтатындығын айтылды.

Жұмсақ вагон — 5.

Жайлы вагон — 4

Жалпы вагон — 3 деп бағаланады.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

I аялдама сұрақтары.

1. Мүше дегеніміз не, өсімдіктердің мүшелерін ата.
2. Тамыр өсімдіктің қандай мүшесі, атқаратын қызметі қандай?
3. Вегетативті мүшелерді ата, вегетативті мүшелер өсімдікке не үшін қажет?

II-аялдама сұрақтары

1. Тамырдың шығу тегіне қарай нешеге бөлінеді? Оларқайдан пайда болады?
2. Негізгі, жанама, қосалқы тамырлардың жиынтығы нені құрайды? Олардың айырмашылығы және қандай өсімдіктерде болады ?

Жауабы: Тамыр- өсімдік тірегі

3. Үй тапсырмасын қорытындылау

Сызықтық диктант.

Тақтадағы тапсырмаларының ішіндегі дұрыс жауапты тауып «ия» бағанына, қате жауап «жоқ» бағанына белгілеңіз.

1. Өсімдіктің мүшелері өсімді және көбею болып 2-ге бөлінеді.
2. Мүше дегеніміз – тірі ағзаның тіршілік белгілері сақтайтын ең кіші бөлшегі.
3. Көбею мүшесіне – тамыр ,сабақ жапырақ жатады.
4. Тамырөсімдіктің жерасты мүшесі.

5. Тамырлар шығу тегіне қарай кіндік және шашақтамыр болып бөлінеді.
6. Негізгі тамыр тұқымның ұрық тамыршасынан дамиды.
7. Жанама тамыр сабақ пен жапырақтан өсіп шығады.

8. Тамырдың атқаратын қызметі қоректік, тіректік және көбею.

9. Тамырлар жүйесі кіндік және шашақтамыр болып бөлінеді.

4. Жаңа сабақ

Оқушылар поезға билетер алып, «Білім» қалашығына келгені айтылады.

Жаңа сабақтың тақырыбы: Тамыр бөлімдері.

Сұхбаттасу кезеңі. Жаңа тақырыпты оқып-білу. Бүгін біз тамыр бөлімдері туралы айтамыз.

5. Бекіту

1. Тамыр бөлімдерін ретімен ата.
2. Тамыртүктері бар аймақта неліктен сору аймағы деп аталады?
3. Бөліну аймағы неше қабаттан тұрады?
4. Тамыр оймақшасының қызметі.

Тест сұрақтарына жауап бере отырып, «Нүктелі ойын» әдісі қолданылады. Бұған барлық оқушылар қатысады.

1. Тамыр бөліміне кіретін аймақ

А) СОРУ (3-8-10-11)

Б) БӨЛІНУ (2-5-7-16)

В) Тамыр оймақшасы (1-5-9-11-16-7)

2. 3 қабаттан тұратын бөлімі.

А) Өткізу (20-11-7-6-15)

Б) Бөліну (4-1-7-16-13)

В) Өсу (2-4-11-9-17)

3. Тамырды ұзартып өсіретін аймақ.

А) Сору (1-5-10-12-19)

Б) Тамыр оймақшасы (7-9-20-15-13)

В) Өсу (19-4-13-20)

4. Су мен еріген минералды тұздарды соратын аймақ.

А) Соры (2-15-14-6-19-20-8-10-12-18)

Б) Өткізу (19-20-1-4-11)

В) Бөліну (13-1-5-18)

5. Қоректік заттарды сабаққа қарай өткізетін аймақ.

А. Өткізу (3-2-18-17)

Б. Өсу (6-12-9-19)

В. Соры (5-15-8-12)

Нүктелі ойын:

6. Бағалау. Оқушылардың өздерінің сұрақтарына жауап беруіне қарай отырғызылған вагондарына қарай отырып бағаланады.

Жұмсақ вагонға отырған оқушы -5

Жайлы вагон — 4

Жалпы вагон - 3- деп бағаланады.

7. Үйге тапсырма: түсінік айту, қайталау.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.